Álıhan Bókeıhan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

# AQTOĠAI AJARY



Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

Aqtoǵaı aýdandyq qoǵamdyq-saıası basylym

aktogai_red@mail.ru www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 4 (7946)
Жұма
26 қаңтар
2024 жыл

*«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»*

** Пікір*

## Басты бағыт – экономиканы дамыту

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы халықтың көкейіндегі мәселелерді дөп басып, талап-тілегіне, арман-мұратына жетелейтін міндеттерді толық айтты деп есептеймін. Қоғамның ауызбірлігін еселеп, елдің әлеуметтік-тұрмыстық ахуалын жақсартуға бағытталған жобаларды ұсынған Қасым-Жомарт Кемелұлы Үкіметке біршама тапсырма жүктеді. Еліміздің экономикасын дамыту үшін алдағы 3 жылда орындалуға тиісті негізгі міндеттерді айқындап берді.

Мемлекет басшысы Жолдауында елімізде ауқымды саяси жаңғыру жұмыстары іске асырылғанын айтты. Бұл реформаны жүзеге асыруда Парламент пен Үкіметтің белсенді жұмысына оң баға берді. Алдағы кезеңде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын нақты іске асыру үшін Парламенттің ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Бұрын елімізде жүзеге асырылған саяси реформалардың қол жеткізілген нәтижелеріне жалпылама тоқталып, алдағы кезеңде осы жұмысты түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформаға ұштастыру міндеті тұрғанын жеткізді.

Бір сөзбен айтқанда, әлем тарихында бұрын болмаған сын-қатерлер мен түбегейлі өзгерістер дәуірі басталған осынау күрделі шақта еліміздің өндіріс салаларындағы еңбек, капитал, ресурстар, технология сияқты негізгі факторларын ұтымды пайдалану керегін айтты. Бар күш-жігерімізді халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартудың негізгі факторы экономикалық серпіліс жасауға бағыттаудың маңыздылығын, ол үшін экономиканы әртараптандырудың басым бағыттарын ашып көрсетті.

Сонымен қатар, Президент елдегі ішкі нарықты, отандық өнім өндірушілерді қорғау деңгейін көтеру мақсатында сауда-саттық саясатында жаңа әрі батыл қадам жасауымыз керектігін айтты.

Тағы бір маңызды мәселе, еліміздің минералды шикізат базасын толықтыру үшін алдағы 3 жылда геологиялық барлау ісінің қарқыны күшейтіліп, геологиялық жаңалықтар ашуға бетбұрыс жасалады.

Тау-кен саласының әлеуетін барынша ашу, басқару жүйесін жаңғырту, сирек кездесетін металл кеніштерін игеру бағытында ірі көлемде жеке инвестицияларды тарту шаралары қолға алынбақ. Өз қаржысына геологиялық зерттеу жүргізген инвесторлардың жер қойнауын пайдалану кезінде басым құқыққа ие болуы қамтамасыз етіледі. Бұл бастамалар – өңдеу индустриясын өркендетудің негізгі факторлары.

Қорыта айтқанда, Жолдауда жоспарланған экономикалық реформаларды жүзеге асыра білсек, халықтың әл-ауқаты артып, еліміздің өркендейтіні хақ.

Сондықтан барша қазақстандықтарды Жолдау жүктеген міндеттерді іске асыруға біркісідей атсалысуға шақырамын.

**Д.Ұлтықеев,**
**Ақтоғай ауылының әкімі.**

## *Аграрлық салаға серпін берді*

ҚР Президенті Қ.Тоқаев еліміз жыл сайын үлкен үмітпен күтетін Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Онда Президент еліміздің болашақ дамуы мен ертеңгі күнге бетбұрысын айқындап берді. Жолдаудан әрбір адамның көкейінде жүрген мәселелерді қамти отырып, мемлекеттің дамуы мен халқымыздың өмірінде біршама жаңашылдықтың болатынын сезіндік. Ел дамуындағы барлық маңызды деген мәселелерді атап айтып, шешу жолдарын ұсынды.

Мемлекет басшысы Жолдауда агроөнеркәсіп кешенін дамыту мәселесіне өте маңызды міндеттердің бірі ретінде ерекше назар аударды. Алдағы 3 жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға жеткізіп, Қазақстанды Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналдыруды стратегиялық мақсат етіп қойды. Бұған қоса, егін шаруашылығын реформалау, ауыл шаруашылығына жоғары технология әкелу, инновациялық амал-тәсілдер енгізу, агрофылымды дамыту және оны ауыл шаруашылығында іс жүзінде қолданудың маңыздылығын атап көрсетті.

Сол сияқты, халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер ететін инфрақұрылымды жаңғырту, жылу-электр станцияларын салу арқылы еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, елді мекендерді газдандыру, су ресурсын ретке келтіру, көлік-логистика саласының әлеуетін арттыру, бәсекелестікті дамыту, кәсіпкерлікті қолдау бағытындағы маңызды мәселелерді шешудің жолдарын нақтылап берді.

Жолдау болашағымыздың іргесін нықтауға міндеттейді. Ендеше қуатты Қазақстанды бірге құрып, елдің әл-ауқатын жақсарту жолында жемісті жұмыс істеп, ерінбей еңбектенейік.

**М.Сейдахметов,**
**Ақтоғай ауданының ауылшаруашылығы бөлімінің сектор меңгерушісі.**

** Ақорда*

## Мемлекеттік заң талаптары мүлтіксіз орындалуы керек

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы өтті. Жиынға Президент Әкімшілігі мен мемлекеттік органдардың басшылығы, өңірлердің әкімдері, ІІМ алқа мүшелері, орталық аппараттың басшылық құрамы және аумақтық полиция департаменттерінің жетекшілері қатысты.

Мемлекет басшысы елімізде «Заң және Тәртіп» қағидатын біржола орнықтыруда полиция айрықша рөл атқаратынын атап өтті.



– Қылмыспен күресу және қоғамдық тәртіпті сақтау – аса маңызды міндет. Бұл – жауапкершілігі өте үлкен жұмыс. Еліміздің әрбір азаматы өзін қауіпсіз сезінуге тиіс. Ол үшін құқық қорғау жүйесі үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеуі қажет. Ең алдымен, мемлекетте заң талаптары мүлтіксіз орындалуы керек. Заң бұзған кез келген адам жазасын алуға тиіс, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, құқықтық сауаттың төмен болуы жағымсыз үрдістердің белең алуына әкеп соқтырады.

– Оның бәрі, түптеп келгенде, еліміздің дамуын тежейді, мемлекеттің абыройына нұқсан келтіреді. Қоғамдық жерлердегі вандализм – соның айқын көрінісі. Халқымыздың дүниетанымына жат идеология да елімізге зор қауіп төндіреді. Әсіресе, жас ұрпақ жасанды идеялар мен «жалған батырлардың» жетегіне іліп кетуі мүмкін. Әлеуметтік желіде жастарды заңсыз іс-әрекет жасауға шақыратын материалдар таралуда. Тіпті заң бұзған адамдарды үлгі етіп көрсететіндер бар. Біздің азаматтарымыз кез келген заңсыздыққа қарсы болуы керек, яғни бізге заң бұзушылыққа төтеп беретін мықты иммунитет қажет.

Ел ішіне ірітку салатын, қауіп төндіретін әрекеттерді ақтауға қатаң тосқауыл қою керек. Құқықтық нигилизмге, яғни заң үстемдігін жоққа шығаруға жол берілмеуге тиіс. Заңға деген құрмет адал азаматқа тән қасиеттің бірі ретінде дәріптелуі қажет. Бұл – мемлекеттік органдарға ғана емес, барша халыққа ортақ міндет. Қысқасы, заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз ету – Әділетті Қазақстанды құрудың басты шарты, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы құқық қорғау органдары құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесіне баса мән бергені жөн деп санайды.

– Қылмыстардың негізгі себебі көбіне қоғамға жат әрекеттерден туындайды. Сондықтан заңды бұзуға бейім азаматтармен жүйелі жұмыс жүргізу маңызды. Сондай-ақ олардың қоғамдық тәртіпке қайшы істеріне түрткі болатын алғышарттарды түгел жою қажет. Бірақ бүгінде қылмыстың алдын алу шаралары тиімді жүргізіліп жатқан жоқ. Мұны мойындау керек. Сондықтан жүйені түбегейлі жаңарту қажет. Осы ретте қауіпті топтарға жататын азаматтардың басым бөлігі назардан тыс қалып қояды.

Ал кейбір алдын алу шаралары шектеу мәжбүрлеуден әрі аспайды. Мұндай жұмыстар жергілікті жерлерде жүйесіз жүргізіліп жатыр. Нақты үйлестіру тетіктері жоқ. Құқық бұзушылықтың алдын алу саласында бірыңғай заң әзірлейтін уақыт жетті. Заң жобасында профилактикадан өтетін азаматтар тізімін толықтай қайта қараған жөн.

Жауапты органдардың құзыреттерін, үйлестіру тетіктерін, жеке профилактика құралдарын нақтылау қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұның, әсіресе, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күресте маңызы зор екеніне сенімді. Оның айтуынша, бұл жерде алдын алу жұмыстарының маңызы жедел әрекет ету және әділ жазасын беру ісінен кем емес.

– Өздеріңізге мәлім, бұған дейін мұндай қылмыстар үшін жауапкершілікті күшейтуді қолдайтынымды айтқан едім.

Қылмыстық кодекске енгізілген тиісті түзетулер жақын арада қабылданады.

Ішкі істер министрлігі өз қызметкерлерін жаңа жұмыс тәсіліне көшуге алдын ала дайындауы керек. Құқық қолдану тәжірибесіндегі бұған дейін болған барлық мәселені ескеру қажет. Бұдан бөлек, кәмелетке толмаған азаматтардың құқығын қорғау жүйесін жаңғырту – өте өзекті мәселе. Үкімет азаматтық қоғам институттары мен сарапшыларды тарта отырып, бұл жұмысқа мұқият қарауы керек, – деді Мемлекет басшысы.

**(Жалғасы 2-бетте).**

*** Президент тапсырмасын орындай отырып...**

# Әкім халықпен кездесті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Әкімдерді халық өзі сайлайтын болады, ол үшін Үкімет жергілікті өзін-өзі басқарудың жаңа тұжырымдамасын әзірлеу керек» деген болатын. Ақордада аймақ басшыларымен кездесу барысында Мемлекет басшысы «Әкімдердің жұмысын нақты проблемаларды шешу нәтижелері бойынша бағалайтын боламын», – деп, әкімдердің қызметіне осылай баға беретінін айтты. Сонымен қатар, өзекті мәселелерді шешу жолында жаңа міндеттер қойды. Әсіресе, халықпен жақын болып, әлеуметтік желі арқылы олардың сұрақтарына жауап беруді міндеттеді. Яғни, ашықтық пен жариялылықты кеңінен насихаттап, жүйелі жұмыс жасауды тапсырды.



Таяуда аудан әкімі Руслан Кенжебеков ауданымызға қарасты Шашубай кентінде іс сапармен болды. Іс сапар барысында өңір басшысы аталмыш елді мекендегі отбасылық емхана, балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің қызметкерлерімен кездесті. Мұнан соң Ж.Акбергенұлы көшесіндегі №9 көп қабатты тұрғын үйді қалпына келтіру жұмыстарымен танысып, мердігер «Балқаш жібек жолы» ЖШС-не тиісті тапсырмалар берді.



Сондай-ақ, бұл күні кент тұрғындарын жеке сұрақтары мен мәселелері бойынша қабылдады. Жеке қабылдауға келген тұрғындардың сұрақтары мемлекеттік несие мен гранттар, тұрғын үй және жер қатынастары салалары бойынша болды.

Қабылдау барысында аудан әкімі көтерілген әрбір мәселелерді сала мамандарымен бірге мұқият зерделеп, заңдылығына қарай шешім қабылданатынын жеткізді. Айтылған өтініштер мен ұсыныстар бойынша құзырлы мемлекеттік мекеме басшыларына және кент, әкіміне нақты тапсырмалар жүктелді.

Өңір басшысының жұмыс сапары Сарышаған кентінде жалғасын тапты. Тоғыз жолдың торабында, көкше теңіздің жағасында орналасқан кент ауданымыздағы халық көп шоғырланған іргелі елді мекендердің бірі. Сарышағанды ел тұрғындары станция ретінде жақсы таниды. Олай дейтініміз, кент үстінен 16 бағыт бойынша 46 пойыз және «Алматы-Екатеринбург» тасжолы өтеді. Яғни, маңызды көлік торабы. Күніне мыңдаған жолаушы мен жүздеген техника ат шалдырады. Сондай-ақ, Балқаш, Приозерск қаласының тұрғындары осындағы вокзал арқылы пойызға отырады.

Ақтоғай ауданының әкімі Руслан Кенжебеков Сарышаған кентіндегі іс сапары барысында кенттегі бірқатар әлеуметтік нысандарды аралап, жылыту маусымының өту барысын көрді. Сонымен қатар өткен жылы құрылысы басталған денешынықтыру және спорт кешенінің құрылысымен танысты. Екі қабаттан тұратын ғимараттың жалпы құны 895.713 мың теңге. Сала мамандарының айтуынша аталмыш нысан үстіміздегі жылдың қазан айында пайдалануға берілмек. Бас мердігер мекеме «СК NEW CITY». Сарышағандықтар спортшылар хоккей, қазақ күресі сынды спорт түрлерінен жақсы нәтиже көрсетіп, тіптен қазақ күресінен облыстық, республикалық дәрежее аудан намысын қорғап келеді. Шағын залдарда мүмкіндігінше шұғылданып жүрген кент жастарына бұл үлкен жаңалық болды. Енді жаңа да зәулім спорт кешенінде жылдың қай мезгілінде болмасын, спорттың қай түрімен де шұғылдана алатын болады.

Руслан Кенжебеков Сарышаған кентіндегі сапары барысында тұрғындармен жеке сұрақтары мен мәселелері бойынша қабылдау өткізді.

Жеке қабылдауға келген тұрғындардың дені кәсіп ашу мақсатындағы жеңілдетілген мемлекеттік несие мен аудан, облыс әкімінің гранттары, мектептің жөндеу жұмыстарына қаражат бөлінсе, кент ішілік жолдарды асфальттау сияқты мәселелерді тілге тиек етті. Қабылдау кезінде аудан әкімі әрбір тұрғынның мәселесін тыңдап, заңдылыққа сәйкес түсініктеме беріп, айтылған мәселелердің барлығы, бақылауында болатындығын жеткізді.

**Думан ҚАБЫЛ.**

(Соңы. Бас 1-бетте).

Президенттің айтуынша, полицияның сервистік моделінің негізгі қағидаттарын іс жүзінде жүзеге асыру қажет. Бұл – ең алдымен, қоғамның талап-тілегіне құлақ асып, шұғыл әрекет ете білу деген сөз.

– Халыққа ынтымақтастықтың өзара тиімді формасын ұсынып, кері байланыстың оңтайлы жолдарын реттеу маңызды. Бастамашыл және заңға қайшы әрекеттерге бейжай қарамайтын азаматтарға арқа сүйеу құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік қағидатының іс жүзінде сақталуына мүмкіндік беретініне сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қоғаммен бірге полиция да түбегейлі өзгеруге тиіс екенін айтты.

– Полиция қашан да халыққа үлгі-өнеге болуы керек. Сонда ғана жұрт полицияға сенеді, оны қорған көреді. Өкінішке қарай, тәртіп сақшыларының бәрі бірдей сондай деп айта алмаймыз. Ауыр қылмыс жасаған қызметкерлер анықталып жатыр. Соңғы кезде мұндай оқиғалар жиілеп кетті. Бұған жол бермеуіміз керек және ондай әрекеттерді мүлдем ақтауға болмайды. Осындай жағдайлар бүкіл жеке құрамның жұмысын бір сәтте жоққа шығарады. Ондай адамдарды полиция қатарынан шығару қажет. Олар биліктің абырой-беделін түсіреді. Қызметкерлерін дер кезінде тәртіпке салмаған басшылар мәселесін де қарау керек, – деді Президент.

Алқа отырысы барысында Қасым-Жомарт Тоқаев орта буындағы басшылық құрамды биыл кезектен тыс аттестациядан өткізу туралы Ішкі істер министрінің ұсынысын қолдады.

– Министрлік осы сынақ кезінде табандылық танытуға тиіс. «Бармақ басты, көз қысты» болмауы керек. Алайда аттестация біреуден есе қайтарудың құралы болмауға тиіс. Басты мақсат – жеке құрамды біліксіз және жұмысына адал емес басшылардан тазарту, яғни кәсіби кадр резервін жасақтау. Сонда ғана ахуалды түбегейлі өзгерте аламыз. Президент Әкімшілігі бұл жұмысты бақылауда ұстайды, – деді Мемлекет басшысы.

Президент балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне айрықша назар аударды. Атап айтқанда, былтыр кәмелетке толмағандарға қарсы жасалған қылмыс саны 22 пайызға артқан. Мемлекет басшысының пікірінше, осы бағытта алдын алу жұмыстарын күшейту қажет. Полиция мектеп басшылығымен бірлесе жұмыс атқаруға тиіс.

– Жас ұрпақтың тағдыры, өмірі мен денсаулығы бәрінен маңызды. Үкіметке балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау мәселесін мұқият саралап, нақты шаралар қабылдауды тапсырамын. Жасөспірімдер бос жүрмеуге тиіс. Олардың шығармашылыққа, спортқа қызығушылығын арттыру жағына көбірек көңіл бөлу қажет. Балаларды еңбекке баулып, волонтерлік қызметке жұмылдырған абзал.

Көзбояушылық үшін жасалатын жұмысты доғару керек, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Президент есірткінің таралуына батыл түрде тосқауыл қоюды талап етті.

– Мен бірнеше рет осы мәселеге қатысты тапсырма бердім. Алайда ауыз толтырып айтатын нәтиже жоқ. Синтетикалық есірткінің қолжетімділігі және оның барынша тез таралуы жастар арасында нашақорлықтың белең алуына әкеп соқтырады. Оларға нашақорлықтың қаншалықты қатерлі екенін үнемі түсіндіріп отыру қажет. Полиция есірткі өндіру, оны сату және таратуға қарсы белсенді күрес жүргізуі керек. Науқаншылдық, көзбояушылық және статистика үшін жұмыс істеу дегенді тоқтату қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар киберқылмыспен және интернет-алаяқтықпен күрес шараларын күшейту жөнінде тапсырма берілді.

– Ұрылар мен бандиттер түрмеде отыруы керек. Бұл – сіздердің криминалға қарсы әрекеттеріңіздің бірден-бір мақсаты.

Қылмыстық топтармен ымырасыз күресу – сіздердің тікелей міндеттеріңіз әрі қызметтік борыштарыңыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жазасын өтеп жатқандардың негізгі құқықтарын сақтау маңызды екенін атап өтті. Оның пікірінше, абақты дегеніміз – айыпты адамды жазалау орны ғана емес, адамның қайтадан қылмыс жасауына жол бермейтін мекеме болуға тиіс.

Сонымен бірге Президент құқық қорғау органдарының қызметі халық арасында бүкіл мемлекеттік жүйенің бет-бейнесі туралы түсінік қалыптастырады деп санайды.

– Біз өздерінің қызметтік міндеттерін адал атқарып жүрген полицейлерді ескерусіз қалдырмауымыз керек. Әсіресе олардың нағыз ерлік істерін (ал мұндай жағдайлар аз емес), жұмысын лайықты бағалап, ең жоғары наградалармен марапаттауымыз қажет.

Кәсібилік, жауапкершілік танытқан, ерлік көрсеткен нақты жағдайларды үлгі ету, Ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру арқылы полицияның оң имиджін қалыптастыру маңызды, – деді Мемлекет басшысы.

Алқа отырысы барысында Ішкі істер министрі Ержан Сәденов қылмысқа, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, жасөспірімдер арасындағы қылмысқа, интернет алаяқтыққа қарсы күрес және оның алдын алу шаралары мен жүргізіліп жатқан жұмыстар, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру мәселесі туралы есеп берді.

**Ақорда kz.**

***Қоғам қайраткері, жазушы, этнограф Төрехан Майбас – 70 жаста**



Қоғам қайраткері, жазушы, этнограф, Қарағанды облысының «Құрметті азаматы», қарымды қаламгер, бірнеше тарихи кітаптардың авторы, көненің көзін ашып, ұмыт болып бара жатқан асылдарымызды түгендеп, насихаттап жүретін, пошымы да, парасат пайымы да ерек тұлға, рухани болмысы өз алдына бір бөлек, Арқаның ардақты азаматы Төрехан Майбас 70 жаста.

Ақтоғай мен Шет ауданы бөліп жарары жоқ, «ауылы аралас, қойы қоралас» ағайын. Арқалы азамат жетпістің желкеніне шыққан сәтінде біз де өзіндік қалам тербеп, асыл қазыналарымыз туралы өз газетімізде жазып, бет арнауды жөн санадық.

Қасиетті қаламынан қара нөпірді төгілтіп, том-том кітап жазып, болашаққа талай құнды дүниені мұра етіп жүрген ардақты ағаны, Ақтоғай жұрты мерейжасымен шын жүректен құттықтап, мәнді ғұмыр, шығармашылық табыс, еңбекте жеміс тілеп, ел алдындағы абыройыңыз асқақтай берсін, ғасыр тойыңызды бірге тойлайық дегіміз келеді.

# *Төреханды жетпісінде топшылау*

*Төрехан – ежелден кие қонған қара сөздің қақпасын ашып кіріп, көне сөздің төркінін түп атасынан тарқатып беріп, қазақтың ана тілін түп қазықтан түлетіп жүрген сөз сүлейі.*

*Төрехан-ойы ұшқыр, қиялы жүйрік, тілі өткір айтар ойын жалтақтамай, жалтармай қысқа сөзбен түйіп тастап, бала жасынан естігендерін есінде сақтап, жебесін көздеген жеріне дөп тигізетін сөз мергені.*

*Төрехан – өз бақталайына ғана тән шығармашылық әлемі бар, көркем сөздің құйқалы жері бұйырған, ана тілінің бай қорынан құнарлы дән терген, арқа алыптарының рухынан нәр алған сөз зергері.*

*Төрехан – алғашқыда бала көңілімен әуестеніп жыр жаза бастаған ақындығын, Ақшатаудың жер астындағы кен шахтасында темір тәшке сүйреткен бейкүнә жануар «Кератты» жаяу жетектеуден бастап, Алты Алаштың Абызының рухына арнап қалам қайратымен «Құрмалдық» шалған, алғашқы таңдауы түскен «Аптаматты есептегіш техник» мамандығын қарымды қаламгерлікке ауыстырған, кітаптары оқырмандарының қолынан түспейтін айбатты жазушы.*

*Төрехан – қаһарына іліккен пендені бет-жүзің бар демей тілінің ұшындағы сөз семсерімен оңдырмай осып-осып жіберіп жөнге салып алатын, жаймашуақ жайдары сәттеріне кезіккенде жымиып күліп отырып, естір құлаққа әлі жете қоймаған ғажайып, не қилы оқиғалардың құлпын ашып, аңызға бергісіз әңгімелерді әсерлеп тұрып айтып беретін, ұнатқан жанға ақтарылып сырын ашатын, қаламаған кісіге томсырайып, томаға-тұйық кейпінде қалатын, өзінің барлық әрекет қылығын ерік жігерінен қуат алған қайсар мінезіне бағындыратын көпке ұқсай қоймайтын қылығы да бар, тумысы бөлек тұлғалы азамат.*

*Төреханның «Алан елінде қазақ деген ұлыс бар» деген көне ақпаратқа сүйенген тұжырымы, «Боқты» мен «Уық» көтерілісін айғақтауы, «ҚарЛагтың қасыретін әйгілеуі, «Шет қырғынын» жариялауы, түп-тұқияннан бастап күні кешеге дейінгі Қазақ тарихына іздеу салған жанашыр тарихшылығы десек, Қарағандыда «Жас Қазақ» ұйымының топшысын бекітіп, төрағасы болуын әділетті қоғам құруды мақсат тұтқан күрескерлігіне жатқызсақ, бір басына осыншама қасиеттің қонуын, Керней бабасының айшықты туған ұрпағына түсінде аян беріп, санасын сөз киесімен ұшықтағандығынан болар деген ақиқатқа бергісіз болжамға тосыламыз.*

*Төреханды – қазақ халқының тапқыр талғампаздығы мен ойшылдығын «Қазақ қалай түстейді» екен деп (тарғыл, күрең, бөрте, буырыл, бозаң, жирен, шабдар, құла т.б) әрбір түс атауларын қолданылу ерекшеліктеріне сай түстеп беріп, тіпті «Мақұлықат қалай дыбыстайды» деп жануарлардың дыбыс шығару және оларды шақыру сырына үңілуіне қарап (бөгелек ызылдайды, құндыз сыңсиды т.б. жылқыны моп-моп, қойды пұшайт-пұшайт, түйені сорап-сорап, мысықты кіс-кіс, т.б.деп) байырғы сөздік қорымызды таразылаудың сарапшысы деуге, ал сан ғасырлардан сабақталып жеткен халқымыздың өз тіршілігінің күнделікті бағдар құралына жатқызған табиғат құбылыстарының жаратылыс құпия амалдарын (текебұрқыл-дақ, бетжабар, қоңыр аяз, бөрісырғақ т.б.) оқырман назарына ұсынуына қарап, аспан шырақтарымен үндесетін ауа райының жұлдызшысы деуге тура келер.*

*Төреханның ит біткеннің қастерлі «Жеті қазынаның» бірі екендігін жетесіне жеткізіп дәлелдеп, Көк бөріден «бөрі» мен «бөрте» болып жеткен түз тағысы қасқыр атаулының айла әдістері мен амалды қылықтарының құпиялығын «Әуек заңы» деген зерттеуінде жайып салып, үнемі қырқысумен жүретін Ит пен Итқұстың (бұралқының) арғы бергі төркінінің ара жігін ашып беріп, жануарлар дүниесіне жасаған төрешілдігі мен көне дәуір құпияларын танып біліп әйгілеуге деген теңдессіз еңбектеріне қарап, жетпістің төріне шырығып шыққан Төреханды ақиқаттың ақберені, зерттеуші этнограф деп мойындап, бағалау тарихи әділдік болар.*

**Тұңғышбай Мұқан,**
**өлкетанушы, Ақтоғай ауданының**
**«Құрметті азаматы».**

# Жұмақтың топырағы

Ол 930 жыл өмір сүрді.

***

Жаратылыс тамырланған.

Біреуі нұрдан.

Біреуі оттан.

Қалғаны топырағы еді.

Топырағы не, балшығы не?!

Оны сол балшықтан жаратқан. Он сегіз мың ғаламдағы барша мақұлықаттан асырып. Және бәрі бір-біріне тәуелді еді.

Бұл бір-біріне сүйенген тіршілік еді.

Ол да тәуелді еді. Өзін бар қылғанға.

Ол шүкіршілік айтып, сыйынды. Бар қылғанға.

Оның қанағатшылдығы жиексіз еді. Соған орай Ол ештеңеге мұқтаж болмады.

Өзекті жанның бәріне өлім деген бір тыншу бартын. Одан ешкім де қашып құтылмаған. Оны ешкім де күтіп отырған жоқ. Алайда өлім ертелі-кеш өзі жетеді.

Мінсіз жаратылыс жоқ.

Оның да екі кілтипаны болды.

Бірі – кіндігі...

Тағы бірі – қабырғасы...

Оның кіндігінде бір түйір барды. Топырақ еді ол түйір. Жұмақтың жұпар аңқыған топырағы еді. Соған шүкіршілік етті. Сол топыраққа қайтып айналатынына бақытты еді. Сол күнді асыға күтті...

Бір күні періштелер шу ете қалды.

– Ол өлді, – деп.

Анығын Әзірейіл періште білуші еді. Өйткені ол жан алушы ғой.

– Өлді, – деді ол.

Алайда Оның жанын ал деген пәрмен алмағанды. Оның қалай өлгенін білейін деп қайтып ұшқан.

– Жүрегі тоқтап қалыпты! – деді періштелер

– Қалай? – деді Әзірейіл.

– Таңқ етіп түшкірген екен... – деді періштелердің біреуі.

– Жүрегі тоқтап қалған онда, – деді Әзірейіл.

– Сонда қалай болғаны?

– Өлген жоқ, – деді Әзірейіл қайтып, – жанын ал деген пәрмен болмады...

– Келтірейік алдымызға...

Періштелер дереу келтірген.

Ол өздеріндей-періштедей нұрланып жатыр екен. Топыраққа айналатынына қуанғаны көрініп тұр. Жоқ, қанша жерден жан алушы болса да Оның жанын ала алмайды. Оның өлімі өзіне байланысты болады.

– Оның өлімі өзіне байланысты болады...– періштелер бір ауызды еді.

Жазудан ешкім де қашпайды.

Оған бақилық жоқ. Алайда ұзақ жасаушылыққа кеңшілік жасауы мүмкін.

Періштелердің бәтуасы Бар болушыға да жеткен.

Қанша жасағысы келесе – сонша жасасын.

Оның өмірі Өзіне байланысты болсын. Ал Оның Өзін неден жарату керек. Топырақтан? Жоқ! Не де болса Оның өзінен жарату керек. Қайтіп?!

Оның бір қабырғасы ерекше көзге түсіп тұрды. Қисық еді оның өзі. Шайтан шалғанын жазбай таныған. Бұл қабырғаны Одан аластайды. Алайда Шайтанға бере алмайды.

Сол қабырғадан Өзі жаралды! Ай десе аузы, күн десе көзі бар еді Өзінің!

– Жәрекемалла! – деді Өзі.

Бұл Өзінің тұңғыш сөзі еді.

– Әлхамдүлилаалллаһ ! –деп Ол да орнынан тұра берген.

– Ол тірілді! – деп шулады періштелер.

– Ол өлген жоқ, – деді Әзірейіл періште.

– Өзі тірілтті! – деді періштелердің бірі.

– Бір қисық біткен қабырғасынан тірілтті! – деді екіншісі.

– Оның ендігі ғұмыры Өзіне тәуелді, – деп жатты тағы біреуі.

– Жоқ, – деді алғашқысы, – Өзі деген Оның өзі ғой, ендеше Оның өлімі Өзіне байланысты.

Мұны Ол да түсінген.

Мұны Өзі де түсінген.

– Әпшһи!..

Таңқ етіп Ол түшкіреді.

– Жәрекемалла!..

Өзі де тақ ете қалады.

Оның жүрегі соғысынан жазбайды...

Бұған дейін олар бір адам болған.

Алғашқыда Өзі жоқ – Ол болатын.

Оның жүрегі тоқтаған күні олар екеу болды.

Ол және Өзі болып!

Анығы сол Ол Топырақтан жаралған.

Анығы сол Өзі Оның сүйегінен жаралған.

Өзі Сүйектен жаралған!..

Алайда Сүйек те Топырақ қой!

Ол үнемі сол бір қисық қабырғасын жоқтап жүретін болды.

Қисық қабырғаның орны бір басқа!

Өзінің орны бір басқа!

Әдемі еді Өзі. Ондай сұлулық он сегіз мың ғаламда жоқ болар...

Алайда қисық қабырғасы Өзіден де сұлу болатын!

Ол бұған дейін толық болатын! Бәрін өзі шешетін.

Бүгінде қарапайым нәрсенің өзін шешпейді.

Өйткені жарма болып қалған!

Өйткені жартыкеш болып қалған!

Оның қисық та болса бір қабырғасы жоқ...

Қандай шешім қабылдаса да сол бір қисық қабырғасымен кеңесетін. Сонда ғана шешімі кемел болатын.

Міне, қызық, бұған дейін ол жаратылыстан тәуелсізбін деп келген.

Енді келіп Өзіне тәуелді болып отыр.

Ұзақ жасаймын десе Өзінің тілеуін тілеу керек.

Қазір бәрі жақсы.

Бұрын одан да жақсырақ болатын.

Бұрын ешкімге де тәуелді емес еді.

Алайда Өзісі мұның өзінен гөрі бұған көбірек тәуелді!

Өйткені ол мұның Сүйегінен жаратылған.

Өзісіне бір нәрсе болып қалса оны айтқызбай біліп отырады.

Өйткені жоқ қабырғасының орны сыздап қоя береді.

Шайтан Оны азғырған. Алғаш қисық қабырғасы болып. Соңынан Өзі болып. Ақыры жұмақтан қуылды.

Жер үстінде де өмір бар екен. Екеуі екі жаққа түсіп қалғанымен бірін бірі іздеп тапты. Олар қайтып бірге болды. Дүниеге сәби әкелді. Ұрпақ жалғады.

Жылжып жүздеген жылдар өтті. Олар бақытты өмір сүрді.

Ол қанша жыл өтсе де сол жас күйінде қалды.

Өйткені Ол Топырақтан жаралған!

Бетіне Өзінің шимайланып әжім түсті.

Өйткені Өзі Сүйектен жаралған!

Ақыры Өзі балауыз шамдай барып, барып түгесілді.

Енді Ол жер бетінде жалғыз қалды.

Ендігі өмірі қожырайған.

Өйткені Ол толық емес еді.

Жарма еді.

Жартыкеш еді.

Оны топырағы тартқан.

Жұмақтың топырағы.

Бар қылушы Оны қабыл алды.

– Әпшһи!..

Ол түшкірген.

Соңғы рет.

Жәрекемалла деп ешкім айтпады.

Он сегіз мың ғалам үнсіз қалды.

***

Ол тағы да 930 жыл өмір сүре алатын еді...

Ол соның бәрінен жұмақтағы бір күнін артық санады.

Ол жұмақтағы Топыраққа айналды.

18.09.2014.

**Төрехан Майбас.**

*Ақтоғай аудандық «Өнер» мектебіне – 20 жыл*

# Өнерлі балалар – ел болашағы

Талай талантты балаларды талаптандырып, қанаттандырып түлеткен Ақтоғай аудандық «Өнер» мектебіне биыл 20 жыл толып отыр. Атағы асқақтаған мекеме шәкірттері өңірлік деңгейде ғана емес, республикалық, халықаралық өнер додаларында топ жарып келеді. Ақтоғай ауылында орын тепкен оқу ордасы осы уақыт аралығында өңіріміздің, еліміздің сан салалы өнер бағыттарында жемісті еңбек етіп жүрген шәкірттер шоғырын тәрбиелеп шығарды. Өнер мектебі өзінің оқыту және тәрбиелеу жұмысын әр оқу жылында жаңаша мазмұнмен байытып, жаңа мүмкіндіктерге құлаш ұрып, талапты балаларға көрсетілетін қызметтің ауқымын да кеңейте түсуде. Әр жаңа оқу жылында осы ордада бойдағы талант ұшқынын дамытуға пейілді балалардың қатары да толығып отырады. Ақтоғай ауданында Музыка мектебі 1995 жылы жабылып 2003 жылы қайтадан атауы өзертіліп «Өнер» мектебі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны болып ашылып, мектеп директоры болып Бағдат Ақбаева тағайындалды. Оқу ісі жөніндегі орынбасар С.Тұяқбаев, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Е.Түсіпбаев, мұғалімдері Ғ.Қожамбаев, Қ.Кенжебекова, Р.Ақбасова, Д.Наурызбаева, С.Бектұрғанова дәріс берді. Осы мектептің бас есепшісі болып Д.Тойымбеков, іс-жүргізуші болып Г.Бижігітова сынды кадрмен толықтырылды. Мектепте ән-домбыра, фортепиано, қолөнер, көркемсурет сыныптары ашылып дарыны бар оқушылар қабылданды. 2006-2007 оқу жылдары мектепті Мусаханов Қанат басқарды. Сол жылдары домбыра, вокал сыныптары ашылып Зайдагүл Аубакирова, Марғұлан Сейсенбеков, Гүлшат Сейтмұқашова, (Рахат Садуақасов), Сандуғаш Бектұрғанова, Динара Наурызбаева дәріс беріп ди-ректордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып Рая Ақбасова жұмыс жасады. 2007-2008 оқу жылдарында Бақыт Абдрахманова тағайындалып мектеп вокал, хор, көркемсурет сыныптары мен толықтырылды. Рауан Әзімбаева, Дархан Жакупов, Ерболат Әзімбеков, Айжан Әнуарбекова, Саттар Сәрсенқұлов, Жастүлек Сауғабаев, Айдана Әміртай сынды жас мамандармен ұжым толықтырылып аясы кеңейді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып Айгүл Жақанова тағайындалды. Кіші қызметкерлері бас есепші болып Дария Алшағырова, іс-жүргізуші Айнара Төкішова кадрлармен толық қамтамасыз етілді. Қошқар ЖББОМ жанынан вокал сыныбы ашылып Жұмағұлова Сәулегүл дәріс берді.

2011-2012 оқу жылында Балқаш қаласында өткен Дүниежүзілік денсаулық күніне арналған «Салауатты өмір салты» өткен плакаттық байқауына көркемсурет сыныбының оқушылары қатысып жүлделі 1,2,3 дәрежелі дипломдарды иеленді. «Қолөнер» үйірмесінен облыстық «Бабалар мұрасын сақтаймыз және жаңғыртамыз» оқушылар шығармашылық көрмесіне 10 жұмыс қатыстырылып, 3 оқушының жұмысы Алматы қаласында өткен балалардың сәндік қолданбалы өнерінің республикалық көрмесіне ұсынылды. Музыка бөлімі бойынша облыстық 46-шы жас музыканттар байқауына домбыра сыныбының оқушысы Мағауина Самал жас ерекшелігі бойынша 80 жас күйшілердің арасынан жүлделі 2-ші орын иеленіп, лауреат атанды. Сол жылы наурыз айында Астана қаласында өткен V Халықаралық «Ақ көгершін» байқауына вокалдан Абдрахманов Айдар, Ақторғай Нұрдәулет, домбырадан Нөкешов Мағауия



дипломант атанды. Жетекші мұғалімдері З.Аубакирова, Жакупов Дархан. Мектеп оқушылары облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға жүйелі қатысқанның арқасында Түркия мемлекеттінің Адана қаласында өткен «Апельсин» фестиваліне домбырашылар ансамбльдері Қазақстаннан арнайы шақырылған топ құрамына еніп, өз өнерлерін көрсетіп, концерттік бағдарлама беріп қайтты. Жетекшісі М.Сейсенбеков. 2012 жылы директор болып Қайыржан Абдрахманов тағайындалды. Осы жылдары домбыра, вокал сыныптарына Мұбарак Саламат, Арыстанбекова Раушан, іс жүргізуші Ибраева Жарқын сынды кадрлармен толыға түсті. Облыстық Тәуелсіздіктің 20 жылдығына байланысты «Бояулар құпиясы» жас суретшілер байқауына көркемсурет сыныбынан 4 оқушы қатысып, 2 оқушы Мұратхан Аяна мен Өмірбай Бейбарыстың шығармашылық жұмыстары бағаланып, Астана қаласында өткен республикалық жас суретшілер арасынан бас жүлде иеленді. Жетекшісі Р.Әзімбева. 2012 жылы Алматы қаласында өткен 10-шы республикалық «Күн шуақ» байқауына вокал сыныбы оқушылары М.Есім, А.Боранқұл, М.Рымхан қатысып, жас ерекшеліктері бойынша бірінші, екінші орын алып лауреат атанып қайтты.

2013-2014 оқу жылында Бағдат Ақбаева мектеп директоры болып тағайындалды. Осы жылы вокал, қолөнер, көркемсурет сынып мұғалімдері Жакупов Думан, Аман Зарина, Төлеухан Айзат, Қ.Бектұрғанова сынды кадрларымен толыға түсті. Осы жылдары Сарытерек, Үшарал, Жидебай, Қызыларай, Шабанбай, Ж.Ақбай, Саршаған, Шашубай мектептері жанынан домбыра, вокал көркемсурет, дәстүрлі ән, қобыз сыныптары ашылып. мектеп базасы кеңейе түсті. Аталмыш мектептерде Мақта Шалаханова, Дархан Жакупов, Сәдуақасов Бауыржан, Нұржан Құлымжанов, Айдана Қадырова, Бекежанова Құлаш, Жайлаубекова Шырай, Балапанова Айнагүл, Совет Ақниет, Есимова Арай, Әшкеева Индира, Садуова Махаббат, Әбілғазы Нұрғазы, Мұқашова Сағыныш сынды мамандар дәріс берді. Оқушылар саны 257 оқушы болып өсті. Қарағанды қаласында өткен «Дәстүрлі әнге құрмет – бізге міндет» атты 1-ші қалалық фестивль-конкурсына мектептің дәстүрлі ән сыныбы оқушылары Әбіл Ұлпан 2 орын, Досмақова Дәмила дипломант атанып, қайтты. Жетекші ұстазы Сәрсенқұлов Саттар. Ақпан айында Қарағанды қаласында қосымша білім беру педогогтар арасында өткен II облыстық «МастерАРТ» көрме байқауына 2 мұғалімнің шығармашылық жұмыстары қатыстырылып, Темірбекова Гүлзат 3-ші орын жеңіп алды. I-облыстық эстрадалық және патриоттық ән орындаушылар байқауына вокал сыныбынан жас ерекшеліктеріне байланысты 4 оқушы қатысып, 1,2,3 орын иеленсе, оқытушылар арасында өткен сайыста вокал сыныбының мұғалімі Мұбарак Саламат жүлделі 2-орынды иеленді. Қарағанды қаласының 80 жылдығына орай халық аспаптарында орындаушы жас музыканттардың облыстық байқауына дәстүрлі ән сыныбының оқушысы Әбіл Ұлпан топ жарып 3 орын жеңіп алып,



арнайы күміс медалімен марапатталды. Наурыз айында Қарқаралы қаласының 190-жылдығына және Саз мектебінің ашылғанына 50 жыл толуына арналған «Өнерім – туған өлкеме» атты аймақтық жас орындаушылар байқауында дәстүрлі ән сыныбының оқушылар Жандығұлов Абылай 3 орын, Досмақова Дәмила дипломант атанды. Жетекші ұстазы С.Сәрсенқұлов. Сол жылдың сәуір айында өткен «Балалар әлемді бейнелейді – Қазақстан» ЮНЕСКО жобасы аясында Республикалық конкурсының аймақтық іріктеу турына 10 оқушының шығармашылық жұмысы жіберілді, мектептің екі оқушысы Мәдениет Мадина мен Берлібай Рамазан III орын иеленіп, жұмыстары жинақ кітапшаға енді. Жетекші мұғалім Рауан Әзімбаева мақтау дипломымен марапатталды.

2014 жылдың 1-3 мамыр аралығында Астана қаласында «Күн шуақ» қорының ұйымдастыруымен өткен республикалық «Сәлем Астана» байқауынан вокал сыныбының оқушылары жүлделі оралды. Есім Әмина бас жүлде, Өмірғали Мадияр 1 орын, Сейфулла Алдияр, Боранқұл Аружан, Жұманова Әсем 3 орын иеленді. Жетекші ұстаздары Р.Ақбасова, С.Мұбарак.

2015-2016 оқу жылында Қарағанды қаласында «Rainbow ARTS» қорының ұйымдастыруымен өткен халықаралық байқауына домбыра сыныбынан 4 оқушы қатысып, Мақсұт Диляра бас жүлде, Болат Айгерім, Қанат Дидар 1 орын, көркемсурет сыныбынан 3 оқушы қатысып, 1 және 2 орын иеленді. Осы жылдары облыстық «Жас талап -2016» байқауына домбыра, дәстүрлі ән сыныптарынан Асқен Гүлім бас жүлде, Мұратбек Айым 1 орын, Серік Ғабит 1 орын иеленді. Жетекші ұстаздары З.Аубакирова, Р.Арыстанбекова, С.Сәрсенқұлов, Г.Темірбекова. «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының ұйымдастыруымен өткен Халықаралық қайырымдылық «Рух» фестиваліне домбыра сыныбынан 6 оқушы қатысып, екеуі 1 орын, үшеуі 2 орын иеленіп, лауреат атанды. Халықаралық «Ақ сұңқар» фестиваль байқауына домбыра сыныбынан 6 оқушы қатысып, жүлделі 2 орын, 4 оқушы 3 орын иеленді. Вокал сыныбынан 4 оқушы қатысып, 2 оқушы Тілеуғабыл Нұрәли, Алтынбек Гүлден бас жүлде, 2 оқушы 2 дәрежелі дипломмен марапатталды. Алматы қаласында өткен II республикалық «Балдәурен» ән-би байқауына домбыра, дәстүлі ән сыныптарынан 2 оқушы қатысып, екеуі де жүлделі 1 орын иеленді. Республикалық «Өнер қанатында» фестиваль байқауына 1 оқушы қатысып, 2 орын жеңімпазы болды.

2017 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Қарағанды гуманитарлық колледжінің 40 жылдығына арналған «Аспап үні» байқауына домбыра сыныбынан 3оқушы қатысып, 2, 3 орындарды иеленді. Жетекші ұстаздары М.Сейсенбеков, З.Аубакирова.

Ақтоғайдың топырағынан шыққан шертпе күйдің шеберлері Аққыз Ахметқызының туғанына 115 жыл, Мағауия Хамзиннің туғаннына 85 жыл толуына байланысты облыстық «Күйшежіре» атты күйшілер байқауы өтті. Байқауға Астана, Қарағанды қалаларынан және басқа да аудандардан күйшілер қатысып, бақтарын сынады. Осы байқауға мектептен 3 оқушы қатысып, Серікбол Балжан күй тарту шеберлігімен ерекшеленіп, бас жүлде және сыйлыққа ие болды. Облыстық «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми практикалық орталығының ұйымдастыруымен өткізілген фестиваліне

**(Жалғасы 5-бетте).**

(Соңы. Бас 4-бетте).

«Әуен» вокалды ансамблі ең үздік аталып, бас жүлдені жеңіп алды. Осы ансамбль Астана қаласында өткен ҚР Білім және Ғылым министірлігі Халықаралық «Жарық жұлдыз» телевизиялық өнер байқауына «Эстрадалық вокал» айдары бойынша үздік өнер көрсетіп, бас жүлде иегері атанып, «Таңшолпан» бағдарламасына шақыртылып, республикалық жұртшылығы алдында өнер көрсетті. Желтоқсан айында республикалық «Әнші балапан» телевизиялық жобасының арнайы шақыртуымен жаңа жылдық телевизиялық шоу бағдарламасына қатысты. Наурыз айында «Балапан жұлдыз» бағдарламасының наурызға арналған концертіне «Әуен» вокалдық ансамблі өнер көрсетті. Тамыз айында «Қазақстан» телеарнасының шақыртуымен осы ансамбль Алматы қаласында телевизиялық түсіріліміне қатысты. Жетекші ұстазы С.Мұбарак. Осы жылдары «Жандану әлемі» қоры балаларға арналған әлеуметтік жобасының «Бала дауысы» 1-ші Ұлттық ән байқауына Қ.Нұржанов ЖББОМ жанынан ашылған вокал сыныбының оқушысы Сейдіғазы Бекжан қатысып, 100 баланың ішінен




іріктелген 30 бала қатарына еніп, сыйсияпат, дипломға иеленді. «Елің үшін самға» атты дискісі табысталды. Жетекші ұстазы Сәдуова Махаббат. Көркемсурет бөлімі бойынша республикалық интернет байқаулары «Ата бабамыздың мұрасын сақтаймыз», «Бояулар құпиясы», «Қыс ғажайыптар мерзімі», «Сиқырлы жапсырма» байқауларына 21 оқушы қатысып 1, 2 ,3 дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекші ұстаздары Аман З, Темірбекова Г, Төлеухан А, Бекежанова К, Әшкеева И. Мектеп ұжымы жыл сайын шығармашылық көрме, концерт ұйымдастырып, аудан жұртшылығының алдында есеп беріп отырды. Алматы қаласында өткен айтыскер ақын, әнші-композитор Әсет Найманбайұлының туғанына 150 жылдығына орай республикалық «Ән салсаң, Әсеттей сал» байқауына дәстүрлі ән сыныптарынан 2 оқушы қатысып, 1 оқушы бас жүлде, 1 оқушы ІІІ-ші дәрежелі дипломмен марапатталды. Республикалық «Жұлдыз болғың келсе» балалар жасөспірімдер арасында өткен ән байқауына вокал сыныбынан Мірәсіл Елнара бас жүлде алса, Есім Әмина 1 орын алды. 2018-2019 жылдары Қарағанды қаласында өткен халықаралық «Karaganda Music FectiaI» байқауына жас ерекшеліктеріне байланысты вокал, дәстүрлі ән, домбыра сыныптарынан 4 оқушы қатысып, 1, 2 дәрежелі дипломмен лауреат атанды. Жетекші ұстаздары З.Аубакирова, Д.Жакупов, С.Сәрсенқұлов, Р.Арыстанбекова. Осы байқауда өнер мектебінің мұғалімдер арасынан құрылған «Дала сазы» ансамблі бас жүлдені алып, лауреат атанды. Халықаралық «Гармония» фестиваліне 3 оқушы қатысып, вокалдан 2 оқушы І дәрежелі диплом, домбырадан 1 оқушы ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекші мұғалімдері А.Жақанова, Р.Ақбасова, З.Аубакирова. Қарағанды қаласында өткен ІІ республикалық «Ұлы дала ұрпағы» байқауына дәстүрлі ән сыныбының 2 оқушысы қатысып, Сейфулла Бақтияр бас жүлде алып, Грузия елінде өтетін байқауға жолдама алды. Жетекші мұғалімі С.Сәрсенқұлов. Жезқазған қаласында өткен халықаралық «Жас қанат жастар» фестиваліне көркемсөз номинациясы бойынша 1 оқушы қатысып, 1 орын алды. Жетекші ұстазы Е.Мұбарак. Көркемсурет номинациясы бойынша 1 оқушы 2 орын иеленіп, лауреат атанды, жетекші ұстазы З.Аман. Астана қаласында өткен ІІІ Халықаралық «Шашу» фестиваліне мектептің вокал сыныбының оқушыларынан құрылған «Әуен» вокалді ансмблі бас жүлдені иеленіп, шет елге, яғни, Түркі елінің Анталия қаласында өтетін байқауға жолдама алып, бұл байқауда да Қазақстанның атын биікке өрлетіп, бас жүлдені жеңіп алды. Қыркүйек айында Италия елінде өтетін фестивалға жолдама алды. Мамыр айында Балқаш қаласында өткен облыстық «Ұлы дала мұрагерлері» форумына аудан басындағы домбыра сыныбынан ЖББОМ жанынан ашылған Ж.Кеңесбаев, Ә.Ермеков мектептерінен барлығы 50 оқушыдан домбырашылар оркестрі өз өнерлерін көрсеттіп, көрермендердің көз айымына айналды. Дәстүрлі әннен 1, вокалдан 2, домбыра сыныбынан 2 оқушы Ақтоғай өңірінен шыққан өнер тарландарының рольдерін сомдап, композициялық қойылымға қатысты. Көркемсурет бөлімінен 16 оқушы өз қолдарынан шыққан қолөнер бұйымдарынан шебер кластар көрсетті. Осы жылдары дәстүрлі ән сыныбының оқушысы Арыстанбекова Диляра Түркі елінің Анталия қаласына жолдама алып, 2 орын иеленді. Жетекші ұстазы С.Сәрсенқұлов. Қарағанды облыс әкімдігінің тілдер күні қарсаңында өткізілген облыс әкімі «Тіл жанашыры», сыйлығына және «Жаңа есімдер» байқауына вокал сыныбынан Есімхан Шұғыла 3 орын алып, өз өнерін көрсетті. Жетекші ұстазы Д.Жакупов. Қарағанды қаласында өткен жастар жылын қорытындылау форумына «Әуен» вокалдық ансамблі қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Облыстық «Шабыт шаттығы» оқытушылар арасында «Рухани жаңғыру» аясында өткен мектептің мұғалімдер арасынан құрылған «Дала сазы» ІІІ дәрежелі дипломды иеленді. 2019-2020 оқу жылының қараша айында Алматы қаласында өткен «Құс қанат менің ғұмырым» атты өнер байқауына вокал, домбыра, сәндік үлгісі, бейнелеу өнері әр номинация бойынша оқушылар қатысты. Вокалдан Сағатбек Ерсұлтан І дәрежелі диплом, жетекшісі А.Жақанова. домбыра сыныбынан Қабдолла Гүлім бас жүлде, жетекші ұстазы Р.Арыстанбекова, Көркемсурет бөлімінің сәндік үлгісінен Дәкәрім Ақмарал І дәрежелі диплом, жетекшісі Ж.Дәртай. Бейнелеу өнерінен Тиышбек Аружан бас жүлде иеленді, жетекшісі З.Аман. Өнер білімді дамыту жолында қосқан үлесі шәкірт дайындағаны үшін ұстаздары Құрмет грамотасымен марапатталды. 2020-2021 оқу жылында мектептің атауы «Балалар өнер мектебі» КМҚК атауымен өзгертілді. 2021-2022 оқу жылында Алматы қаласында өткен «Сал домбыра» республикалық ұлттық дәстүрлі өнер байқауына «Әуен» кіші тобынан құрылған вокалдық ансамблі бас жүлде, осы байқауда 9-13 жас ерекшелігі бойынша жеке орындауда Қанат Кәусар бас жүлдеге сыйлыққа домбыра аспабы берілді. Нұрахмет Диляра І дәрежелі дипломға иеленді, жетекші ұстазы С. Мұбарак. Астана қаласының Казмедия студиясының шақыртуымен «Таңшолпан» бағдарламасына барып, өз өнерлерін көрсетті. Осы жылы республикалық «Жарқын болашақ» байқауына Саршаған кентіндегі домбыра сыныбынан Төлеуқұл Бекайым, Қайратқызы Малика қатысып, аспапта ойнау номинациясы бойынша бас жүлде иеленді, жетекші ұстазы Нұртаева Айман. «Рухани жаңғыру» аясында өткізілген халықаралық Абайдың 175 – жылдық мерейтойына ұйымдастырылған «Абай салған дара жол» байқауына Төлеген Гүлраушан, Есенжол Ақбота қобыз аспабында ойнау номинациясы бойынша І, ІІ дәрежелі дипломды иеленді. Жетекші ұстазы А. Есимова. Республикалық «Самға» байқауына Аймағанбет Аяулым 1 орын Нұрмағанбет Нұрила 1 орын иеленді, осы байқауға вокал сыныбынан құрылған «Әдем-ай» ансамблі бас жүлде иеленді, жетекші ұстазы Жумағұлова Сәулегүл.




2022-2023 оқу жылында облыстық «Сарыарқа дарыны» ұйымдастыруымен өткен «Мәдени мұра және заманауи көзқарас» шығармашылық байқауының «Менің үйім – менің жерім» номинациясы бойынша көркемсурет сыныбынан Қайрат Ханшайым, Терлікбай Нұрәли, Боранқұл Аружан І дәрежелі дипломмен, Қалам Аяжан ІІІ дәрежелі диплом иеленді. Жетекші ұстаздары З.Аман, А.Төлеухан, Қ.Бектұрғанова. Осы жылы Балқаш қаласында өткен «Сарыарқа дарыны» ұйымдастыруымен қашықтықтан өткен «Бұлбұл үні» байқауына Есімхан Шұғыла қатысып, І дәрежелі дипломды иеленді. Жетекші ұстазы Д.Жакупов. 2022-2023 оқу жылында республикалық «Өнерлі ұрпақ» байқауына домбыра сыныбынан Сайлаукен Нұрислам бас жүлде жеңіп алды. Жетекші ұстаз М. Сейсенбеков. Вокалдан Қабдолла Айзада І дәрежелі диплом иеленді. 2023 жылдың 1 шілдесінде Қарағанды қаласында өткен Домбыра күнінде «Шаттық» домбырашылар ансамблі 1000 баланың ішіне қосылып, күй орындап, өз өнерлерін көрсетті. Оқу-ағарту министірлігінің ұйымдастыруымен өткен «Атамұра» республикалық «Алтын қазына», «Бояулар құпиясы» байқауына көркемсурет сыныбынан 21 оқушы қатысып, Ш.Базылкәрімова жетекші ұстазы Ш.Жайлаубекова, бас жүлде, Қосыман Балнұр бас жүлде, Бейбіт Кәусар 1орын, Кәріғұл Айшат, Кәріғұл Айару бас жүлде, Айтыкен Ханшайым 1 орын, жетекші ұстаз Д. Ержанова, Рымқұл Аяжан бас жүлде, жетекшісі З.Аман, Рамазан Еркежан, Ердосқызы Еркежан 1 орын, жетекші ұстазы А.Балапанова, Сағыдатқызы Кәусар, Бекежанова Кұләш.

Өнер мектебін бітірген мектеп түлектері әрі қарай осы салада арнайы оқу орындарына түсіп, білімдерін жалғастыруда. Көркемсурет сыныбының түлегі Мұратхан Аяна Қарағанды қаласындағы Техникалық университетінің «Архитектура» факультетіне оқуға түссе, Қ.Нұржанов мектебін аяқтаған Төлеутай Қызғалдақ гуманитарлық колледждің «Дизайн» бөліміне түсті. Оқушыларымыз Мағауина Самал Алматы қаласындағы Құрманғазы консерваториясының домбыра бөлімін бітіріп, Қарағанды қаласындағы Тәттімбет «Өнер» колледжінде домбыра мамандығы бойынша дәріс береді. «Классикалық вокал» бөліміне Абдрахманов Айдар, дәстүрлі ән бөліміне Жандығұлов Абылай, Астана қаласындағы Ұлттық академияның «Өнер» колледжінің вокал бөліміне түсті. Көмірбай Кәмшат Алматы қаласындағы Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының дәстүрлі әндер бөліміне түсті. Шапибай Назерке, Өмірбай Мадияр, Серік Ғабит Тәттімбет атындағы «Өнер» колледжін тәмамдады. Өмірбай Мадияр Алматы қаласында Құрманғазы консерваториясының 3 курсында оқып жатыр. Сейфулла Алдияр Балқаш қаласындағы Өнер колледжін музыка пәні бойынша аяқтады. Қазіргі таңда Шапибай Назерке осы мектепте дәріс беріп отыр. Вокал сыныбында оқыған Боранқұл Аружан Алматы қаласындағы Т.Жүргенов атындағы «Өнер» академиясының театр бөлімінің 2 курсында оқиды. Қосымша білім беру жүйесі мектеппен бірге баланың өзін-өзі танытуына, өз қабілеттерін дамытуға ғана көмектесіп қоймай, сонымен қатар болашақ мамандығын дұрыс таңдауына да белсенді түрде көмектесетіні аса маңызды. Бүгінгі күні ең басты мәселе-балаларды қосымша біліммен қамтуды кеңейту, ауданымыздың дарынды таланты шәкірттерді тарту. Мектебімізде мерекелік күндерінде сынып сағаттары тәрбиелік шаралар өткізіліп фейзбук, инстаграм парақшаларына салынады.

**З.Аубакирова,**
**Өнер мектебі директорының тәрбие жөніндегі орынбасары.**

# Спорт шеберлігіне үміткер атанды



Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйытқы болуымен 2023 жылдың қазан айында Шет ауданында Қазақстан Республикасының спорт шебері Аманбай Айдын Социалұлын еске алуға арналған дзюдодан IV-ші республикалық ашық турнир болып өткен болатын. Жарыс 2008-2009 жылы туған кіші жасөспірімдер мен қыздар арасында ұйымдастырылды. Еліміздің әр аймағы, қалаларынан кіл мықты жиналған байрақты бәсекеде аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушы-оқытушысы, спорт шебері Жанболат Қожкеев баптаған жас балуандар бақтарын сынады. Осынау елдік мәреде Боханова Амина Жанболатқызы аудан намысын қорғап, 52 салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен қаршадай қыз жүзден жүйрік шықты. Сөйтіп, жас спортшымыз спорт шеберлігіне үміткер атағын қорғады.

Ал, күні кеше Ақтоғай аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Серікбол Токешов Аминаға Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне үміткер куәлігін салтанатты түрде табыстады.

– Өңірімізде дзюдо спорты соңғы жылдары дамып келеді. Ересектерді айтпағанда, жас жеткіншектеріміз жақсы деңгейде күресіп жүр. Жастарымыз үшін әрбір жарыс тәрбие алаңы. Жарыстар арқылы шыңдалып, жарыс көру арқылы өседі. Бұдан да биік белестерді бағындыру үшін талмай, жалықпай еңбектене береміз, – дейді Ж.Қожкеев.

**Думан ҚАБЫЛ.**

# ПУБЛИЧНЫЙ ДОГОВОР

**на предоставление услуги по водоснабжению, теплоснабжению, и или отведению сточных вод**

поселок Шашубай январь 2024 год

Филиал товарищества с ограниченной ответственностью «Ақтоғай Энерго» поселка Шашубай, в лице директора Рахимова Бекзата Хазихановича, действующего на основании доверенности, именуемое в дальнейшем «Поставщик», с одной стороны и жители поселка Шашубай, именуемые в дальнейшем «Потребитель»,с другой стороны, вместе именуемые «Стороны», заключили настоящий Договор о нижеследующем:

**Пункт 1. Предмет договора**

1.1. Поставщик обязуется подавать через присоединенную сеть Потребителю услуги по водоснабжению, теплоснабжению и отведению сточных вод (далее - услуги), а Потребитель обязуется своевременно оплачивать принятую им за предоставленные услуги в объемах, порядке и условиях, указанные в настоящем Договоре.

**Пункт 2. Стоимость и сроки оплаты услуг**

2.1. Оплата за предоставленные услуги по настоящему Договору производится по тарифам, утвержденным регулирующим органом.

Стоимость услуг, равно как и иные условия Договора, устанавливается одинаковой для всех потребителей.

2.2. Оплата производится Потребителем ежемесячно за фактически предоставленное количество услуг в срок до 10 числа месяца, следующего за расчетным периодом, если иное не предусмотрено соглашением Сторон.

**Пункт 3. Права и обязанности Потребителя**

3.1. Потребитель имеет право:

1) на получение услуг установленного качества, без-опасных, для его здоровья, не причиняющих вреда его имуществу.

2) участвовать в публичных слушаниях, проводимых по обсуждению проекта тарифа на услуги;

3) пользоваться услугами в необходимом ему объеме при условии своевременной оплаты;

4) расторгнуть Договор в одностороннем порядке при письменном уведомлении об этом Поставщика не позже, чем за месяц при условии оплаты предоставленной услуги.

3.2. Потребитель обязан:

1) своевременно и в полном объеме оплачивать за предоставленные услуги;

2) немедленно сообщать Поставщику о неисправностях в работе системы;

3) обеспечивать доступ представителей Поставщика к приборам учета для контроля технического состояния и безопасности сетей, приборов и оборудования;

4) соблюдать требования по технике безопасности при потреблении услуги;

5) обеспечивать сохранность, надлежащее техническое состояние и безопасность эксплуатируемых систем, находящихся в его ведении или на обслуживании;

6) предоставить правоустанавливающие документы правообладателя недвижимости для заключения договора купли-продажи (мены, найма, наследство, аренды и др.);

7) удостоверение личности правообладателя недвижимости;

8) технический паспорт недвижимости (план строения);

9) сведения о зарегистрированных лицах.

**Пункт 4. Права и обязанности Поставщика**

4.1. Поставщик имеет право:

1) своевременно и в полном объеме получать плату за предоставленные услуги;

2) в одностороннем порядке приостановить исполнение Договора в связи с неоплатой Потребителем за предоставленные услуги, при этом письменно уведомив Потребителя о прекращении подачи услуг;

3)проводитьтехническоеобслуживание системы и организовывать проверку и поверку приборов учета;

4) вносить изменения в настоящий Договор путем составления дополнительного соглашения, являющегося неотъемлемой частью Договора.

4.2. Поставщик обязан:

1) обеспечить своевременное и бесперебойное предоставление услуг Потребителю в соответствии с требованиями Договора;

2) вести учет и контроль качества и количества предоставляемых услуг, принимать своевременные меры по предупреждению и устранению нарушений предоставления услуг;

3) заключить с Потребителем Договор на предоставление услуг;

4) уведомлять Потребителей об изменении тарифов, режиме предоставления услуг;

5) принять меры по восстановлению качества и объема предоставляемых услуг по обоснованным претензиям Потребителя в течение 24 часов;

6) при осмотре сетей, приборов учета, а также при снятии показаний приборов учета Потребителя предъявлять служебное удостоверение.

**Пункт 5. Ограничения сторон**

5.1. Потребителю запрещается:

1) переоборудовать внутридомовые сети, сооружения и системы водоснабжения и приборов учета без согласования с Поставщиком;

2) нарушать имеющиеся схемы учета услуг.

5.2. Поставщику запрещается:

1) отказывать в предоставлении услуги или ограничивать Потребителя в получении услуги по причинам невыполнения требований другими Потребителями;

2) взимать за предоставленную услугу плату, превышающую установленную регулирующим органом.

5.3. Сторонам запрещается совершать действия, ограничивающие права Сторон либо иным образом нарушающие законодательство Республики Казахстан.

**Пункт 6. Условия предоставления услуг**

6.1. Приостановление подачи услуг производится в случаях:

1) аварийной ситуации либо угрозы жизни и безопасности граждан;

2) самовольного присоединения к сети Поставщика;

3) отсутствия оплаты за услуги в течение 2-х месяцев, следующих за расчетным периодом;

4) неоднократного недопущения представителей Поставщика к приборам учета;

5) в других случаях, предусмотренных нормативными правовыми актами и соглашением Сторон.

6.2. Подключение Потребителя производится при устранении и ликвидации возникших нарушений.

В случае приостановления предоставления услуг Потребителю за нарушения, предусмотренные подпунктом 3) пункта 6 Договора, подключение производится после погашения долга. При неоднократном отключении подключение производится после погашения долга и внесения платы за подключение.

**Пункт 7. Форс – мажорные обстоятельства**

7.1. Ни одна из Сторон не несет ответственности перед другой стороной в случае наступления форс-мажорных обстоятельств, то есть обстоятельств непреодолимой силы (стихийное бедствие или иные обстоятельства, которые невозможно предусмотреть или предотвратить), а также военных действий, забастовок и так далее, влекущих неисполнение или ненадлежащее исполнение условий Договора.

В случае наступления обстоятельств непреодолимой силы Поставщик в течение пяти рабочих дней с даты их наступления уведомляют об этом Потребителей через официальные средства массовой информации. Обязательства Сторон по Договору могут быть приостановлены на срок действия обстоятельств непреодолимой силы, но только в той степени, в которой такие обстоятельства препятствуют исполнению обязательств Сторон по Договору.

В случае, если обстоятельства непреодолимой силы длятся три и более месяцев, каждая из Сторон вправе расторгнуть Договор при условии предварительного уведомления другой стороны не менее чем за двадцать календарных дней до даты предполагаемого расторжения. При этом Стороны обязуются в течение 30 календарных дней произвести все взаиморасчеты по Договору.

**Пункт 8. Общие положения и разрешение споров**

8.1. В своих правоотношениях Стороны руководствуются Договором и действующим законодательством.

8.2. Договор на предоставления услуг вступает в силу с момента первого фактического подключения Потребителя в установленном порядке к сетям.

Срок действия Договора для потребителей является бессрочным, и считается заключенным на неопределенный срок, если иное не предусмотрено соглашением сторон, а для государственных учреждений, финансируемых из государственного бюджета, в соответствии с действующим законодательством.

8.3. Расторжение или изменение условий Договора производится по основаниям и в порядке, предусмотренным законодательством Республики Казахстан.

8.4. При невыполнении или нарушении обязательств по Договору одной из Сторон другая сторона вправе в одностороннем порядке расторгнуть Договор с предъявлением требований о возмещении понесенных убытков.

8.5. При не достижении соглашения между Сторонами споры и разногласия решаются в судебном порядке.

8.6. Договор для государственных учреждений, финансируемых из государственного бюджета, регистрируется в территориальных органах Казначейства Министерства финансов Республики Казахстан и вступает в действие с момента его регистрации.

8.7. По соглашению Сторон Договор может быть дополнен другими условиями, не противоречащими нормам типового Договора.

8.8. Не оговоренные Договором отношения между Сторонами регулируются в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

**Пункт 9. Юридические адреса и банковские реквизиты**

ПОСТАВЩИК

Филиал ТОО «Ақтоғай Энерго» поселка Шашубай

100316, РК, Карагандинская область, Актогайский район, поселок Шашубай, ул. Ж.Акбергенұлы 1

БИН 191041002239

ИИК KZ3394804KZT22031498

БИК EURIKZKA

АО «Евразийский Банк»

Директор Рахимов Бекзат Хазиханович

*Мемлекеттік қызмет

# Мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру тәсілдері туралы

Өздеріңізге мәлім Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты жолдауында жоспарланған реформаларды жүзеге асыру мемлекеттік қызметшілердің құзыретіне, жауапкершілігіне және саяси ерік-жігеріне тікелей байланысты екенін атап өтті.

Агенттік мемлекеттік аппаратта адами капиталды дамыту бойынша «адамға бағдарлану» бағытында белсенді жұмыс істеуде. Бұл қазіргі заман талабы. Біз жұмыстың ескі және маңызды емес тәсілдерінен бас тарта отырып, әлемдік озық тәжірибелерді алып,сол бағытта бейімделеміз.

Біздің түсінгеніміздей, таланттар көбінесе мемлекеттік қызметпен байланысты емес, бірақ мемлекеттік басқарудың дамуына ықпал ететін әртүрлі салаларда көрінуі мүмкін.

Сондықтан, бірқатар елеулі өзгерістер мен жаңалықтар қабылданды. Мысалы, «келісімшартпен жұмыс істейтін қызметкерлер» ұғымы енгізілді. Егер мемлекеттік органға нақты салалық мәселе бойынша тапсырманы орындау қажет болса, онда ол белгілі бір мерзімге конкурссыз тиісті маманды тарта алады.

Тағы бір жаңалық – нақты сектордан үміткерлерді олардың салалық тәжірибесі мен таңдаған лауазымының функционалдығын ескере отырып, «Б» корпусының басшы лауазымдарына тікелей тағайындау мүмкіндігі. Мысалы, білім саласындағы жеке компанияның жоғары тиімділік көрсеткіштері бар маманы облыстық білім басқармасының басшысы лауазымына ие бола алады. Бұл ретте, оның қабілеттері мен құзыреттерін бағалау негізінде Агенттікпен келісу шешуші рөл атқарады.

Мемлекеттік грантпен білім алған ЖОО үздік түлектері үшін мемлекеттік қызметке «кедергісіз кіру» жолы ашылды. Олар аудан, ауылдардың жергілікті атқарушы органдарынан конкурстық іріктеуден өтпей-ақ еңбек жолын бастай алады.

Өзгерістер мемлекеттік қызметке кіруге қойылатын біліктілік талаптарына да әсер етті. Енді кандидаттың мемлекеттік қызметте де, квазимемлекеттік және жеке секторда да жалпы жинақталған жұмыс өтілі, егер олар таңдалған лауазымның функционалдық бағытына сәйкес келсе, есепке алынады.

Ал мемлекеттік қызметке кірудегі қажетсіз кедергілерді жою үшін әлемнің кез келген жерінен азаматтарға конкурсқа қатысуға мүмкіндік беретін «e-Qyzmet» жаңа цифрлық іріктеу жүйесі іске қосылды. Бұл үміткер әртүрлі бөлімдерге барып көптеген құжаттарды жинап, тапсыру қажет болған сияқты кейбір процедуралары жеңілдетеді.

Пилоттық режимде өткен жылдан бастап 5 мемлекеттік орган мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесінде сынақтан өтуде, атап айтқанда ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Сауда және интеграция министрлігі, Ақмола облысының әкімдіктері мен Шымкент қаласының әкімдіктері. Ағымдағы жылдың ақпан айынан бастап Қарағанды облысы да пилоттық жүйеге қосылды.

Сонымен қатар, биылғы жылы тағы екі жобаны жүзеге асыру жоспарлануда:

**Облыстық жастар кадрлық резерві.**

Облыстық резервке іріктеуге жасы 35-тен аспайтын, жоғары білімі бар және кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады.

Аймақтық резервке іріктеу келесі кезеңдерден тұрады:

1) кандидаттардың құжаттарын қабылдау;
2) заңнаманы білуге тестілеу және жеке қасиеттерін бағалау;
3) уәкілетті орган жүзеге асыратын құзыреттерді бағалау;
4) комиссияда құрылымдық сұхбат;
5) облыстық резервке қабылдауға кандидаттарды комиссия отырысында қарау.

Сайланбалы лауазымдарды қоспағанда, жергілікті атқарушы органдардың «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына өңірлік резервке алынған адамдар орналаса алады.

Жоғары оқу орындары мен колледждердің түлектері арасынан мемлекеттік қызметке лайықты болып іріктеуден өткен кадрлық резерв.

«Таланттар пулы» жобасы облысымызда бірнеше жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» жобасының аналогы. Бұл жобаға жоғары оқу орындары мен колледждердің төмамдаушы курс студенттері қатыса алады.

Бүгінгі таңда аталған жоба бойынша іріктеу жүріп жатыр. Құжаттарды қабылдау, эссе жазу және ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының филиалында білім алу сияқты кезеңдері аяқталды. Алдағы күндері оқу кезеңін сәтті аяқтаған студенттер мемлекеттік органдарда тағылымдамадан өтуге жолданады. Келесі кезеңдерге: тестілеуден өту және мемлекеттік қызметтің кадрлық резервіне жазылу кіреді.

Дарындылар пулына іріктеу жазда аяқталады, ал келесі іріктеу ағымдағы жылдың күзінде басталады.

Жоғарыда аталған барлық жаңашылдықтар мемлекеттік қызметке іріктеуді неғұрлым ашық, жеңілдетілген, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің өзін бәсекеге қабілетті және тартымды етуге мүмкіндік береді.

**Е. Жолдаңғар,**
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.**

*Білген маржан

## Араб елін Қыпшақтан шыққан 25 сұлтан басқарған

Бір заманда Бейбарыс сұлтан бабамыз жат елге құл болып сатылып барса да, тектілігін танытып, қажымас қайраттың, мұқалмас жігердің үлгісін көрсетіп, билік басына көтерілген.

Мәмлүк қыпшақтардың рухы тек арада жеті ғасыр өткенненкейін Бейбарыстың асқан қайраткерлігі мен батырлығының арқа сында ата мекенімен қауышқан. Оған мысал, Бейбарыстың дәуірінде ғұмыр кешкен тарихшы Вильгельм Тайпольский де оған: «Бейбарыс – жауынгерлігі жағынан Гай Юлий Цезармен терезесі тең тұратын қаһарман» деген баға берген.

Бірақ, одан бөлек Мысыр даласын басқарған басқа да Қыпшақ сұлтандары бар екенін білесіз бе? Сан ғасырдың сырын ішіне бүккен Мысырдың көне тарихына зер салсақ, Араб сахарасында әмірін жүргізген қыпшақтар Бейбарыспен шектелмейді. Одан кейін билікке Хасан, Қалауын, Қайтпай секілді сұлтандар келді. Нақты айтқанда, Бейбарыстан соң Мысырды ұлдары – Берке мен Саламыш басқарды. Одан кейін билікке қайсарлығымен көзге түскен Қалауын келді. 1348-1361 жылдары тақта отырған Хасан сұлтанға арналып салынған мешіт, әрі медресе сәулеті таңдай қақтырады. Ол 1260 жылы Триполи маңындағы крестшілердің қамалын алуда асқан ерлік көрсетіп, ел сеніміне кірген.

Тарихи дерекке сүйенсек, Қып шақтан шыққан 25 сұлтанараб елін 130 жылдай басқарған.

Бей барыстан бастап Тұманбайға дейінгі сұлтандар Мысыр жерін сыртқы жау мен ішкі жаудан қорғаған. Осы 25 сұлтанның ешқайсысы ата жұрты – қазақ даласымен байланыс үзбеген екен.

Өткен дәуірдің көзіне айналған Мысырдағы тарихи жерлердің сырына тереңірек үңілетін болсақ, қазаққа қатысты басқа да құнды мәліметтер табылары сөзсіз. Қыпшақ мәмлүктері қатпарлы тарихта араб елінің әдебиеті мен мәдениетінде үлкен із қалдырды.

**Мақала ғаламтордан алынды.**

## Еске алу



Сарытерек ауылының тумасы, аз ғана ғұмырында өшпес із, өлмес өнеге қалдыра білген ардақты ана **Мұсанова Гүлдан Мұсанқызының** өмірден өткеніне 25 жыл болды.

Анамыз саналы ғұмырында ұстаз ретінде білім саласының дамуына, шәкірт тәрбиесіне бойындағы бар білімін жұмсап, еңбек еткен мұғалімнің бірі еді.

Бүгінгі күні аяулы анамызды сағынышпен еске ала отырып, жаныңыз жәннатта, тәніңіз рахатта, Алладан рахым, Пайғамбардан шапағат болсын. Нұрыңыз пейіште шалқысын деп әруағыңызға дұға бағыштаймыз. Артында қалған балалары мен немерелеріне ұзақ та бақытты ғұмыр нәсіп етсін.

Өкінеміз тым ертерек кетті деп,
Көп арманға жете алмай кетті деп.
Жаратқаннан сұранамыз енді тек,
Жатқан жері жұмақ болсын деп тілеп.

**Сағынышпен еске алушылар: балалары, немерелері.**

## Еске алу



Бауыр десе жұлып берер жүрегін,
Аға деген асыл жан ғой дүниедегі.
Руы Әлтеке - Абыз **Телманұлы Жангелдіні,**
40 күн өтті өзіңді көрмегелі,
Еске аламыз жарқылдаған жүзінді.
Қойны суық қара жерге бере алмай,
Сағыныштан ет жүрегіміз езілді.
Амал бар ма құдіреті күшті Құдайға,
Не істерін Алла бізден сұрай ма?
Асыл бауыр, ақ жүзіңді сағынамыз,
Алланың жазғаны ғой не қыламыз.
Сонда да ойлай-ойлай нұр жүзінді,
Туған-туыс, дос-жаран боп еске аламыз.
Алладан медет тілеп дұға етеміз,
Пейіштен берсін дейміз сізге орын.
Нәсіп етсін көруге жұмақ төрін,
Бақыл бол, қымбатты аға, ардақты әке!
Сақталар жүректерде сенің орның.
Мекенің жұмақ, мінгенің пырақ,
Қараңғы үйін жарық болсын.

**Сағына еске алушылар: жеңгесі – Шәмшия, бауырлары – Тоқтасын-Перизат, Алмас-Шакизат, Нұргелді-Индира.**

## Еске алу



Қамыстың сабындай қайран тірлік бір күні шарт сынары әмбеге аян. Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті… «Тұмақ бар жерде, өлмек те бар» – дейді шариғат сөзі. Шіркін, бәрі орнымен, бәрі ретімен келсе – өкініштің өзені тасып, қайғының қара жаңбыры жаумас еді ғой. Кеше ғана арамызда күліп-ойнап, жарқылдап жүрген **Жанкелді** кластасымыз, досымыздан қапыда айрылдық. Өлім түгілі өкпеге қимайтын есіл дос жайлы ендігі жерде естелік айтамыз деп кім ойлаған?! Оның ғұмырдариясы – мәңгілік ағысқа ауысты… Құрдасымыздың аз ғана ғұмыры, қара жердің үстінде осынша жыл жүру ғана екен. Адамгершілігі бір төбе, досқа адал, ағайынға жанашыр Жанкелдімізді бүгінде сағынышпен еске алып, жаның жәннатта, тәнің рахатта болсын деп артынан дұға бағыштаудан басқа шара жоқ.

Алладан сұрап қайырын, жақсылығына жалындық,
Алдың бейіш, артың нұр, шапағатың тисин деп.
Дұға қылып өзіңе, тағдырға біз де бағындық,
Сағынышпен еске алып, құрдас өзіңді күрсіндік.

**Еске алушылар: 1974-1984 жылдары Ә.Бөкейхан (М.Горький ) атындағы орта мектепте бірге оқыған кластастары, құрдастары.**

# Құттықтаймыз!



Құрметті **Төкешов Серікбол Нұрманұлы!**

Сізді асқаралы 60 жасқа толған мерейжасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Ақтоғай халқы сізді саналы ғұмырын ауданымыздың дене шынықтыру мен спорт саласының өркендеуіне арнап, өскелең ұрпақ тәрбиесіне өзіндік үлесін қосқан ардагер спортшы ретінде жақсы таниды. Сізге ақ көңілімізден шыққан ізгі тілегімізді білдіре отырып, зор денсаулық, қажымас қайрат, жемісті де жеңісті күндер мен өмірдің асқақ абыройын тілейміз. Алла берген ұрпақтарыңыздың қызығына кенеле беріңіз. Әрдайым шаңырағыңызға шаттық ұялап, босағаңыздан береке кетпесін. Ағайын-туыстың құрметіне, немере-шөберенің шу-күлкісіне бөленген әдемі де ұзақ ғұмыр кешіңіз.

Алдағы уақытта да Ақтоғай спортының өрге басуы мен халқымыздың игілігі жолында әлі талай игі істерді атқара беруіңізге тілектеспіз.

Туысқан, әріптеске сыйлы болған,
Тойыңыз әрқашанда таусылмасын.
Жасыңызға дәл осындай жас қосылып,
Көңіліңіз дариядай жарқырасын.

**Игі тілекпен: Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы «Ақтоғай аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» және Ақтоғай ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі.**



Құрметті **Жақыпбеков Самат Сүлейменұлы!**

Ағатай сізді 70 жасқа келген мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Отбасыңызға амандық, деніңізге саулық тілейміз. Гуля жеңгеммен бала-шаға, немеренің қуаныш-қызығын көре беріңіз. Әрқашан аспаныңыз ашық болсын. Өміріңіз өрінде, дастарханның төрінде күліп-ойнап жүре беріңіз. Басыңыздан бақ, астыңыздан тақ кетпесін. Үйіңізде баянды бақ, аяулы шақ болсын. Қанатыңыз мұқалмай, тұяғыңыз сүрінбей, дәл осы жігеріңізбен 100 жасқа келіңіз.

**Тілек білдіруші: қарындасы Мейрамгүл, Әйгерім, Серікбол.**



Құрметті баламыз **Көкеев Марат Керімбайұлы!**

Еңселі ердің жасы 50-ге толған мерей тойыңмен құттықтаймыз!

Өмірде бар жақсылықты нәсіп етсін. Ойлаған арманыңа жетуіңе тілектеспіз. Шаңырағыңа арай күннің шуағы төгіліп, отбасыңда тек қуаныштар болсын. Дениң сау, ғұмырың ұзағынан болсын. Дастарханыңнан дәм-тұз үзілмей барың берекеге, берекең мерекеге ұлассын. Жаныңа жақын жандардың ортасында мерейің артып, бақытқа бөлене бер. Жұлдызың жоғары еңбегің бағалы, мерейің үстем болсын. Отбасыңда болып жатқан қуаныш тек өзіңнің жақсылығы мен ырзығын арқалап алып келсін.

Шапағаты Алланың ортаймасын,
Маңдайыңнан қашанда бақ таймасын.
Жүзіңізді халық болып мерекелеп,
Шаңырақта тек қана той тойлансын.
Еңбегің мен сүйіндірді нар талабың,
Халқыңның ақ алғысын арқаладың.
Жаныңның жақсылығы шуақ шашып,
Бөленсін бақыт-нұрға шартарабың.

**Игі тілекпен: ата-анаң – Бекет-Қапиза, Сербол-Эльвира, Ерлан-Гульмира, Мадиар, Санжар, Заңғар, Ануар.**

# Құттықтаймыз!



Құрметті әріптесіміз **Жармағанбетова Қарлығаш Рахманқызы!**

Сізді келіп жеткен мерейтойыңызбен құттықтай отырып, шынайы көңілден шыққан ізгі тілегімізді жолдаймыз. Ауданымыздың экономикасының жандануына еселі еңбек етіп жүрген жігерлі де жауапты маманның бірісіз.

Өз ісіңізге берілгендігіңіз бен кәсіби шеберлігіңіз, адамгершілігіңіз үшін әріптестеріңіз сізді білікті маман, ақжүрек жан ретінде құрмет тұтып сыйлайды. Бүгінгідей мерейлі сәтте сізге еңбекте толағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беруіңізді тілейміз. Өмірде бақытты, ұжымда беделді, дос-жарандарыңызға қадірлі де сыйлы болыңыз. Әрдайым жүзіңіз нұрға, өміріңіз жырға толып үлкен мақсаттарға сүрінбей жете беріңіз.

Жыл сайын қуанышқа бөленіңіз,
Бақытқа отбасылық кенеліңіз.
Жұмыста еңбегіңіз бағаланып,
Сый-құрмет, марапатпен еленіңіз.

**Ізгі тілекпен: Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының ұжымы.**





Құрметті әріптестеріміз **Мамық Ағылшынқызы, Айсұлу Сүлейменқызы!**

Сіздерді келіп жеткен 60 жас мерейтойларыңызбен құттықтаймыз. Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты сіздерді мағыналы ғұмырларыңыздың биік бір белесі 60 жасқа алып жетті. Өмірлеріңіз қашанда көктемдей жарқын әрі шуақты, жаздай жылы әрі жаймашуақ болсын. Бала-шаға отбастарыңыздың ортасында қуаныш-қызығын көре беріңіздер. Ең бастысы дендеріңіз сау болып, ошағына от жаққан, түтінін түтеткен шаңырақтарыңыздан шаттық, босағаларыңыздан бақ кетпесін.

Жеміс берсін тер төккен еңбектерің,
Бақыт болсын әрдайым көргендерің.
Жүзге жетіп, баянды ғұмыр кешіп,
Арта берсін абырой-беделдерің.

**Ақ тілекпен: әріптестерің – Ардақ, Қарлығаш, Мейрамгүл, Төлеу, Панар, Баян, Жанар, Бота, Алтынай, Мөлдір, Ақгүл.**



Құрметті **Бауымбеков Берік Орынбайұлы!**

Сізді келіп жеткен асқаралы мерейжасыңызбен құттықтаймыз. Алланың берген жасын жасап, жақынға пейілді, туғанға мейірлі, айналасына сыйлы қалпыңызда жүре беріңіз. Әрбір күніңіз қуаныш пен қызыққа толы болып, асқақ армандарыңыз орындалып, жүзіңізде әрдайым нұр ойнасын. Барлық жақсылықты отанасы Зоямен бірге Алла берген ұрпақтарың мен туған-туыстарыңның ортасында күліп-ойнап көре беріңіз. Өміріңізге барша жарық дүние шапағатын, баянды бақыт, зор денсаулық тілейміз.

Асқар таудай биік болсын тұғырыңыз,
Жетсінші жүректерге жыр үніміз.
Бар бақытын еңбекпен өрнектеген,
Ұзақ болсын сіздің ғұмырыңыз.

**Ізгі ниетпен: үлкен әпкесі – Оралтай, апа-жездесі – Серік-Рымтай, жеңгесі – Гүлнар, ағасы – Шакбол, іні-бауырлары – Серік-Зайдагүл, Ералы-Марал, Маржан, Ержан-Динара, Ербол-Фарида.**

# Құттықтаймыз!



Құрметті **Бауымбеков Берік Орынбайұлы!**

Сізді асқаралы 60 жасыңызбен құттықтаймыз. Алпысты тал түс деп есептесек алар асуларыңыз әлі алда. Өткен күндерге көз жүгіртіп, болашаққа байыпты қадам жасап, еңбектің рахаты мен жемісін көріп еңбек етіп ұжымда үлкен сыйқұрметке иесіз.

Осы мерей жасыңызда Сізге зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасыңызға амандық тілей отырып жанжарыңыз Зоя екеуіңіз немерелердің қызығын қызықтап, ағайын-туыс, құда-жекжаттың ортасында сыйластықтарыңыз артып, шаңырақтарыңыз шаттыққа толып, дастарханыңыз тек қана қуанышқа жайылсын.

Бүгінгі 60 жас ғасыр жасқа жалғассын!

**Ізгі тілекпен: «Ақтоғай аграрлық- техникалық колледжі» КМҚК ұжымы.**



Қадірменді ағамыз **Серікбол Нұрманұлы**

Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 60 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Адам өмірінің ең бір асыл кезі, асқар белі – 60 жасқа келіп отырсыз. Бұл жасқа өміріңіз қуатты, көңіліңіз шуақты қалпыңызда жеттіңіз. Осындай қарқыныңыздан қалмаңыз, шабысыңыздан танбаңыз. Алпыстың асуынан асып, жетпіске аяқ басқан шағыңызда да көзіңізден от кетпесін, жүрегіңізден жылу кетпесін дей отырып, елге етер еңбегіңіз, келер ұрпаққа берер тәлиміңіз алдағы уақытта жалғасын табады деп сенім білдіреміз.

Сізге және шаңырақтарыңызға шаттық, баянды бақыт, зор денсаулық тілей отырып, өмірдің барлық қуанышын қызықтап, Алланың берген жасын жасап, кісілік келбеттеріңізден танбай, несібе-дәулеттеріңіздің арта беруіне ақ тілегімізді білдіреміз.

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.
Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
Бала - шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман - есен жүріңіз.

**Ізгі ниетпен: бауырларыңыз Бақыт-Оразбай, Талғатбек-Фарида, Бақша, Қайрат-Меруерт, Асқат-Жұлдызай.**



**Құрметті бауырымыз Марат!**

Ердің жасы елу жасың құтты болып, өмірің қашан да көктемдей жарқын әрі шуақты, жаздай жылы әрі жайма шуақ болсын.

Көңілің өмір бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей еркін жүзе бер. Өзіңе және отбасыңа зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс-ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз.

Құтты болсын мерей той, 50 жасың,
Әр уақытта домалап өрге тасың.
Қосағыңмен қоса ағарып, шөбере сүй,
Ешқашанда көңіліңді кір шалмасын.

**Тілек білдірушілер: Кентай-Бакша, Нұрзия, Гульшат, Ғайнолла-Саламат, Нұргелді-Индира, Марғұлан-Сауле, Бекзат-Мая, Жанболат-Айзада.**


**Құрылтайшы:** ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА

**Редактор:** Г.ЕЛЕУСИЗОВА

**Меншік иесі:** ''Ақтоғай ажары''газеті редакциясы ЖШС

**Тіркеу куәлігі:** №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арко» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 850 дана

**Мекен-жайымыз:** 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.



**Телефондар:** редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



**Электрондық пошта aktogai_red @ mail.ru**

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.